

“ЖАС ҚАНАТ” МЕКТЕБІ



Көп балалы, аз қамтылған және мүмкіндігі шектеулі отбасылардың балаларына, жетім балаларға арналған жоба

Жобаның мақсаты:

1. Атырау қаласындағы және оған іргелес елді-мекендердегі мүмкіндігі шектеулі, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан дарынды балалардың интеллектуалдық және шығармашылық даму деңгейлерін одан әрі кеңейту мақсатында әлеуметтік осал топтарды біріктіре отырып, болашаққа баулу.

2. «Жас қанат» мектебі жанынан әлеуметтік осал топтағы балалардың білімдерін, сөйлеу шеберліктерін қалыптастыру мақсатында ораторлық шеберлік сабақтары арқылы нәтижеге қол жеткізу.

3. Мемлекеттік тілді толық меңгеріп, ана тілдің қадір-қасиетін білу мақсатында «Қазақ тілі» үйірмесін ашу.

4. Жасөспірімдер арасында суицид, бұзақылық, тәртіп бұзу әрекеттерінің алдын алу мақсатында мектеп ішілік психо-эмоционалдық кабинет жұмысын ашып, өзін-өзі тану сабақтарын жүргізу.

5. Тиісті мекемелермен бірлесе отырып, теориялық және практикалық іс-тәжірибелерді қолдану.



Жобаның міндеті:

1. Ораторлық шеберлік, қазақ тілі үйірмесі, дебаттық үйірмелер және психо-эмоционалдық кабинет жұмыстары бойынша әлеуметтік осал топтағы аз қамтылған, көп балалы және мүмкіндігі шектеулі отбасылардың және жетім балалардың 8-9-10 сынып оқушыларына тегін оқу ұйымдастыру.
2. Үйірмедегі оқушылардың одан әрі мамандық таңдауларына ықпал ету. Аталған категориядағы балалардың болашақта қалаған мамандықтарын толық игерулеріне қамқорлық ретінде кәсіпорын-мекемелермен меморандум жасап, демеушілік көмектер ұйымдастыру.
3. Облыс аумағында өтетін дебаттық байқауларға, ораторлық байқауларға және талантын ашатын басқа да байқауларға қатысуды қамтамасыз ету.
4. Суицид, бұзақылықтың, тәртіпсіздіктің алдын алу, басқа да маңызды мәселелер шешуде психолог мамандардың, заң қызметкерлерінің көмегін қажет ететін психо-эмоционалдық кабинет ашып, әр түрлі сабақтар жүргізу.
5. Қаладағы бұқаралық-ақпарат орталықтарына, ірі компаниялар мен кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға экскурсия ұйымдастырып, мамандық таңдаудың қыр-сырларымен, адамдармен сөйлесу ретімен танысу үшін сол жерде кездесулер ұйымдастыру.
6. Осы категориядағы балалардың өз қатарларынан кем емес деңгейде білімді де білікті азамат болып шығуларына жол ашу.



Проблема:

Атырау қаласында бүгінгі күні 1741-аз қамтылған, 5 296-көп балалы, 1795-мүмкіндігі шектеулі отбасылар бар.

1. Бұл категориядағы отбасылардың балаларының қосымша мектептерде білімдерін шыңдауға мүмкіндіктері жоқ. Ал, олардың арасында талантты балалар қаншама?

2. Сондықтан осы категориядағы балалардың қабілеттерін ашып, олардың уақыттарын тиімді өткізіп, болашаққа бағыт-бағдар алу жағдайы, олардың мәдениетті, білімді болып өсулері үшін әр түрлі үйірмелер, конкурстар, кездесулер ұйымдастыру аса маңызды және жолға қойылмаған мәселелер.

5. Аталған категориядағы балалар арасында ашылмай жатқан дарындарды қолдап, шешілмей жатқан проблемаларына дер кезінде көмек беру азаматтық қоғамның еншісінде екендігін ескере отырып, «Жас қанат» мектебінің бұл проблемаларды жоюға мүмкіндігі мол.

4. Жасөспірімдердің өздеріне қол салу, төбелес сияқты бұзақылықтарға жол беру фактілері сирек болса да кездесіп қалатыны рас. Осыған орай психо-эмоционалдық кабинет ашып, арнаулы мамандармен кездесулер ұйымдастырып, лекциялар, семинарлар өткізу.

3. Мысалы, мемлекеттік тілді жетік меңгеру, топ алдында сауатты сөйлей білу, қалаған мамандықтарына бағыттау және жасөспірімдердің бастарында кездесетін қауіпті жағдайлардың алдын алу-бүгінгі күннің басты талабы.

Жобаның анықтамасы:

- «Жас қанат» мектебі жобасы қоғамның әлеуеті қорғалмаған тобын әлеуметтендіруге арналған. Өңірімізде бойларында талант ұшқыны болса да қабілеттерін аша алмай жүрген көп балалы отбасылардың, мүмкіндігі шектеулі отбасылардың дарынды балалары, жетім балалар көптеп саналады. Аталған жоба бойынша осы категориядағы 8-9-10 сынып оқушылары қабілеттеріне байланысты үйірмелерге қатысып, болашақ мамандықтарына алғашқы қадам жасайды. Бұл жобада:
- Мемлекеттік тілді терең меңгеріп, сөйлеу шеберліктерінің шыңдалуына, қалаған мамандықтарының алғашқы әліпбиімен танысуларына мүмкіндіктері бар.
- Өздерін толғандырып жүрген кез келген мәселелерін психологикалдық кабинеттерде шеше алады.
- Осы жоба арқылы қалаған мамандықтарына түсуге, сауатты сөйлеп, ана тілін жоғары деңгейде меңгеріп, кез-келген ортада өздерінің орындарын таба білулеріне жағдайлар жасалады.
- Жоба әлеуметтік осал топтағы балалардың шығармашылық, интеллектуалдық дамуына, қолдауына негіз бола алады.



Жобаға қатысушылар:

Аталған категориядағы 8-9-10 сынып оқушылары. Барлығы- 100 оқушы.

Тренерлер, спикерлер:

-психологтар, педагогтар

-мемлекеттік оғандар мен өндірістік компания мамандары

-Атырау облысы ішкі саясат басқармасы, облыстық білім беру басқармасы, облыстық жастар саясаты басқармасы,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, ҮЕҰ-дар.

-Ұйымдастырушы-2 адам.

Жобаның орындалуы: 2019 -2022 жылдар.

- Жоба Атырау қаласында және оған қарасты округтерде ұйымдастырылады.
- Жоба жөнінде БАҚ-тарда, әлеуметтік желілерде хабарлама беріледі.
- Мектеп әкімшілігімен, ата-аналар комитеттерімен кездесу ұйымдастырылады.
- Психолог, педагогтар, тренерлер мен арнаулы мамандар тартылады.



Құрметті Кәсіпкерлер!

Осы Жобаны ұсына отырып, көтеріліп отырған мәселенің аса маңыздылығына көңіл бөлулеріңізді сұраймын. Әлеуеттері төмен, аталған категориядағы отбасының балаларының арасында талантты, болашағынан үлкен үміт күттіретін жасөспірімдер өте көп. Бірақ басқа балалар сияқты олардың таланттарын, мүмкіндіктерін ашуға мүлдем жағдайлары жоқ.

Біздің қоғамымызда балалардың барлығы тең дәрежеде оқуға, білім алуға құқылы. Бірақ, әлеуметтік жағдайлардың әртүрлілігі деген де бар екенін білесіздер. Сондықтан, еліміздің білімді, намысты азаматтарын тәрбиелеуде, олардың отбасылық қиындықтарға қарамастан, өмірден өз орындарын табуларына Сіздердің үлестеріңіз, көмектеріңіз болады деп сенемін.

Үлкен құрметпен,

Ағиба Қатешова

«Атамұра» ұлттық салт-дәстүрді
қолдау қоғамдық қорының басшысы.